



**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері жөніндегі кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 85 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 27 желтоқсанда № 35553 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бухгалтерлік есеп департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкінің Төрағасы*

*Т. Сулейменов*

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкінің Төрағасы  
2024 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 85 Қаулыға  
1-қосымша

**Бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесі**

1. "Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 270 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7978 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларында:

3-тармақтың 12) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16390 болып тіркелген);".

2. "Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8596 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық Бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесіне қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және ислам сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 83 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11653 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына өзгеріс енгізу туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 52-3-бабына, "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:".

4. "Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 47 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15084 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларында:

12-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16390 болып тіркелген) қаулыларымен бекітілген бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына сәйкес бухгалтерлік есеп шоттарында көрсетіледі."

5. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16390 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**"

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында,

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары";

1-тарауда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары (бұдан әрі – Шоттар жоспары) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының (бұдан әрі - ұйымдар) қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық көрсеткішпен қаржылық есептілік элементтерін топтастыруға және ағымдағы көрсетуге және бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары құндық көрсеткішпен бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілік элементтерін ағымдағы көрсетуге арналған.";

2-тарауда:

1-параграфта:

1060 01-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1070, 1071 және 1072-шоттармен толықтырылсын:

"1070	Электрондық ақша
1071	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған электрондық ақша
1072	Банктер мен Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша";

1270 30-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1270 30	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс";
----------	--

1270 41, 1270 42, 1270 44, 1270 45 және 1270 46-шоттардың нөмірлері мен атаулары алып тасталсын;

1280-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1280	Сақтандыру шарттары бойынша активтер және басқа да дебиторлық берешек";
-------	---

1280 22-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1280 31 және 1280 32-шоттармен толықтырылсын:

"1280 31	Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша актив
1280 32	Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша актив";

1280 47, 1280 48, 1280 49, 1280 50 және 1280 51-шоттардың нөмірлері мен атаулары алып тасталсын;

1280 57-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1280 58, 1280 59, 1280 61, 1280 62, 1280 63 және 1280 64-шоттармен толықтырылсын:

"1280 58	Қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау
1280 59	Қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа
1280 61	Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі
1280 62	Туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау
1280 63	Туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзету
1280 64	Қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа шығынын өтеу компоненті";

2-параграфта:

2060 05-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2060 06, 2060 07 және 2060 08-шоттармен толықтырылсын:

"2060 06	Туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау
2060 07	Туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзету
2060 08	Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша актив";

2170, 2170 01, 2170 03, 2170 22, 2170 23, 2170 24, 2170 25, 2170 26, 2170 28 және 2170 29-шоттардың нөмірлері мен атаулары алып тасталсын;

2600, 2610, 2620 және 2630-шоттардың нөмірлері мен атаулары алып тасталсын;

3-параграфта:

3380 және 3380 01-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

"3380	Төленетін сыйақы
3380 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы";

**3390-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:**

"3390	Басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек және сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер";
-------	--

**3390 11-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:**

"3390 11	Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелер";
----------	--

**3390 13 және 3390 14-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:**

"3390 13	Шығын компоненті (сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелер)
----------	---

3390 14	Шығын компоненті (сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша)";
---------	--

**3390 17-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:**

"3390 17	Туындаған шығын бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелер";
----------	---

**3390 20-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3390 21, 3390 22 және 3390 23-шоттармен толықтырылсын:**

"3390 21	Туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету
----------	---

3390 22	Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер
---------	---

3390 23	Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа";
---------	--

**3390 54-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3390 55-шотпен толықтырылсын:**

"3390 55	Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа";
----------	---

**4-параграфта:**

**4030 96-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 4040-шотпен толықтырылсын:**

"4040	Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер";
-------	---

**4040 11-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:**

"4040 11	Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау";
----------	--

**4040 14, 4040 15 және 4040 16-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:**

"4040 14	Шығын компоненті (сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау бойынша)
----------	---

	Шығын компоненті (сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша
--	---

4040 15	қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша)
4040 16	Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа";

4040 19-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 4040 21, 4040 22 және 4040 23-шоттармен толықтырылсын:

"4040 21	Туындаған шығын бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелер
4040 22	Туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету
4040 23	Ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелер";

4160 және 4160 01-шоттардың нөмірлері мен атаулары алып тасталсын;  
5-параграфта:

5460-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 5461-шотпен толықтырылсын:

"5461	Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қаржылық тәуекел";
-------	---

6-параграфта:

6280 09-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 6280 30-шотпен толықтырылсын:

"6280 30	Сақтандыру шарттары бойынша кіріс";
----------	-------------------------------------

6280 32-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"6280 32	Сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша қаржылық кіріс";
----------	--

7-параграфта:

7220-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"7220	Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша шығыс";
-------	---

7310 11 және 7310 12-шоттардың нөмірлері мен атаулары алып тасталсын;

7470 37-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 7470 38-шотпен толықтырылсын:

"7470 38	Сақтандыру шарттары бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелердің шығын компоненті түріндегі шығыс";
----------	--

9-параграфта:

8780 07-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 8780 08-шотпен толықтырылсын:

"8780 08	Исламдық сақтандыру бойынша қаржылық кіріс";
----------	--

8840 08-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 8840 09-шотпен толықтырылсын:

"8840 09	Исламдық сақтандыру ұйымдары үшін туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету";
----------	---

8850 03-шоттың нөмірі мен атауы алып тасталсын;

8850 05-шоттың нөмірі мен атауы алып тасталсын;

8850 06-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 8850 07, 8850 08, 8850 09, 8850 10 және 8850 11-шоттармен толықтырылсын:

"8850 07	Исламдық сақтандыру ұйымдары үшін қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау
8850 08	Ұсталатын исламдық қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа
8850 09	Исламдық сақтандыру ұйымдары үшін қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі
8850 10	Исламдық сақтандыру ұйымдары үшін туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау
8850 11	Исламдық сақтандыру ұйымдары үшін туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзету";

3-тарауда:

1-параграфта:

1060 01-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1060 01 "Басқа да ақшалай қаражат" (актив).

Мақсаты: № 1010, 1020 және 1030 баланстық шоттарда есепке алынбаған ұлттық және шетел валюталарындағы басқа да ақшалай қаражаттың сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша уақытша және кездейсоқ сипаты бар, туындаған сәтте басқа баланстық шоттар бойынша жүргізілмейтін ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ақша сомасы есептен шығарылған кезде жазылады.";

1060 01-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1071 және 1072-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1071 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған электрондық ақша" (актив).

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған электрондық ақша сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған электрондық ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған электрондық ақша сомасын есептен шығару жазылады.

1072 "Банктер мен Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша" (актив).

Шоттың мақсаты: банктер мен Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банктер мен Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша банктер мен Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша сомасын есептен шығару жазылады.";

1120 01-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1120 01 "Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері" (актив).

Мақсаты: өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналды құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активінің номиналды құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қысқа мерзімді қаржы активін сату, басқа санатқа ауыстыру, сондай-ақ төлемді кешіктіру кезінде оның номиналды құнын есептен шығару жазылады.";

1270 30-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған жинақ салымдары бойынша сыйақы түріндегі есептелген кіріс" (актив).

Мақсаты: Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде ұйымның есептелген кірісінің сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған жинақ салымы бойынша сыйақы түріндегі есептелген кірістің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған жинақ салымы бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістің сомасын ол төленген кезде немесе екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлеуді кешіктірген кезде есептен шығару жазылады.";

1270 41, 1270 42, 1270 44, 1270 45 және 1270 46-шоттардың нөмірлері, атаулары мен сипаттамалары алып тасталсын;

1280 22-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1280 31 және 1280 32-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1280 31 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша актив".

Мақсаты: сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде және бағалаудың жалпы моделі бойынша бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қысқа мерзімді активтердің сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде және бағалаудың жалпы моделі бойынша бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қысқа мерзімді активтердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде және бағалаудың жалпы моделі бойынша бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қысқа мерзімді активтердің сомасын есептен шығару жазылады.

1280 32 "Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша актив".

Мақсаты: сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде бағаланатын ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша қысқа мерзімді активтердің сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде бағаланатын ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша қысқа мерзімді активтердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде бағаланатын ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша қысқа мерзімді активтердің сомасын есептен шығару жазылады.";

1280 47, 1280 48, 1280 49, 1280 50 және 1280 51-шоттардың нөмірлері, атаулары мен сипаттамалары алып тасталсын;

1280 57-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1280 58, 1280 59, 1280 61, 1280 62, 1280 63 және 1280 64-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1280 58 "Қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау" (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша болашақ ақша ағынының келтірілген құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша болашақ ақша ағынының келтірілген құны, сондай-ақ оның ұлғаюы көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша болашақ ақша ағынының келтірілген құнының азаюы не есептен шығарылуы көрсетіледі.

1280 59 "Қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа" (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржа көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін амортизация және (немесе) маржаны есептен шығару көрсетіледі.

1280 61 "Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі" (актив).

Мақсаты: қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активін есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активінің азаюы және (немесе) есептен шығарылуы көрсетіледі.

1280 62 "Туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау".

Мақсаты: туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активін есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша ақша ағыны бойынша қайта сақтандыру активі көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша ақша ағыны бойынша қайта сақтандыру активінің азаюы және (немесе) есептен шығарылуы көрсетіледі.

1280 63 "Туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзету" (актив).

Мақсаты: туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзетуді есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзету көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзетуді азайту және (немесе) есептен шығаруды есепке алу көрсетіледі.

1280 64 "Қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа шығынын өтеу компоненті" (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржа шығынын өтеу компонентін есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржа шығынын өтеу компоненті көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаның шығынын өтеу компонентінің амортизациясы және (немесе) есептен шығарылуы көрсетіледі.";

2060 05-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2060 06, 2060 07 және 2060 08-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"2060 06 "Туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау".

Мақсаты: туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активін есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша ақша ағыны бойынша қайта сақтандыру активі көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша ақша ағыны бойынша қайта сақтандыру активінің азаюы және (немесе) есептен шығарылуы көрсетіледі.

2060 07 "Туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзету" (актив).

Мақсаты: туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзетуді есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзету көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзетуді азайту және (немесе) есептен шығаруды есепке алу көрсетіледі.

2060 08 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша актив" (актив).

Мақсаты: сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде және бағалаудың жалпы моделі бойынша бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ұзақ мерзімді активтердің сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде және бағалаудың жалпы моделі бойынша бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ұзақ мерзімді активтердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде және бағалаудың жалпы моделі бойынша бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ұзақ мерзімді активтердің сомасын есептен шығару жазылады.";

2170 01, 2170 03, 2170 22, 2170 23, 2170 24, 2170 25, 2170 26, 2170 28 және 2170 29-шоттардың нөмірлері, атаулары мен сипаттамалары алып тасталсын;

2610, 2620 және 2630-шоттардың нөмірлері, атаулары мен сипаттамалары алып тасталсын;

2930-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2930 "Аяқталмаған құрылыс (актив).

Мақсаты: аяқталмаған құрылыс ретінде көрсетілуі тиіс соманы есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша аяқталмаған күрделі құрылысқа жұмсалған шығын сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша негізгі құрал-жабдықтың құнына, шығысқа жатқызылған немесе өзге де шығынға жатқызу кезіндегі күрделі құрылысқа жұмсалған шығынның сомасын есептен шығару жазылады.";

3380 01-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3380 01 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы" (пассив).

Мақсаты: ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы сомасын оны ұйым төлеген кезде есептен шығару жазылады.";

3390 11-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3390 11 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: сыйақыны бөлу тәсілінің негізінде және бағалаудың жалпы моделі бойынша бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелерді есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде және бағалаудың жалпы моделі бойынша бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелер көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде және бағалаудың жалпы моделі бойынша бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелерді есептен шығару/ азайту көрсетіледі.";

3390 13 және 3390 14-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3390 13 "Шығын компоненті (сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша ақша ағыны бойынша міндеттеме шығынының компонентін есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша ақша ағыны бойынша міндеттеме шығынының компоненті көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша ақша ағыны бойынша міндеттеме шығынының компонентінің азаюы көрсетіледі.

3390 14 "Шығын компоненті (сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша" (пассив).

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетудің шығынының компонентін есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша шығынның компоненті көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша шығын компонентінің азаюы көрсетіледі.";

3390 17, 3390 18 және 3390 19-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3390 17 "Туындаған шығын бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: өткен кезеңдердің қызметтеріне (сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша) қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағынын қамтитын туындаған сақтандыру шығыны бойынша міндеттемелерді есепке алу (сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде және бағалаудың жалпы моделі бойынша бағаланады).

Шоттың кредиті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде және жалпы бағалау моделі бойынша бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелер көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде және бағалаудың жалпы моделі бойынша бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерді есептен шығару/ азайту көрсетіледі.

3390 18 "Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары" (контрпассив).

Мақсаты: сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағынының бағалау сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағынының бағалау сомасы көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағынының бағалау сомасын есептен шығару және (немесе) азайту көрсетіледі.

3390 19 "Шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары" (контрпассив).

Мақсаты: шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағынының бағалау сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағынының бағалау сомасы көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағынының бағалау сомасын есептен шығару және (немесе) азайту көрсетіледі.";

3390 20-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 3390 21, 3390 22 және 3390 23-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"3390 21 "Туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету" (пассив).

Мақсаты: туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетудің азаюы және (немесе) есептен шығарылуы көрсетіледі.

3390 22 "Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер".

Мақсаты: ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді есептен шығару/азайту көрсетіледі.

3390 23 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа"

Мақсаты: Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржа көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаның есептен шығарылуы көрсетіледі.";

3390 54-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 3390 55-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"3390 55 "Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа" (пассив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шарттары тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтандыру шарттарының тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржа көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шарттарының тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаның есептен шығарылуы көрсетіледі.";

4040 11-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4040 11 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау" (пассив).

Мақсаты: сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде және бағалаудың жалпы моделі бойынша бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалауды есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде және бағалаудың жалпы моделі бойынша бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша есептік бағалау өзгерген кезде сыйлықақыны бөлу тәсілінің негізінде және жалпы бағалау моделі бойынша бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалауды есептен шығару және (немесе) азайту көрсетіледі. ";

4040 14, 4040 15, 4040 16, 4040 17 және 4040 18-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4040 14 "Шығын компоненті (күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау бойынша)" (пассив). Шығын компоненті (сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау бойынша" (пассив).

Мақсаты: Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау бойынша шығын компонентін есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау бойынша шығын компоненті көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау бойынша шығын компонентінің азаюы көрсетіледі.

4040 15 "Шығын компоненті (сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша)" (пассив)

Мақсаты: Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша шығын компонентін есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша шығын компоненті көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша шығын компонентінің азаюы көрсетіледі.

4040 16 "Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа" (пассив).

Мақсаты: ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржа көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаның есептен шығарылуы көрсетіледі.

4040 17 "Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары" (контрпассив).

Мақсаты: сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағынының бағалау сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағынының бағалау сомасы көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағынының бағалау сомасын есептен шығару және (немесе) азайту көрсетіледі.

4040 18 "Шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары" (контрпассив).

Мақсаты: шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағынының бағалау сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағынының бағалау сомасы көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағынының бағалау сомасын есептен шығару және (немесе) азайту көрсетіледі.";

4040 19-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 4040 21, 4040 22 және 4040 23-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"4040 21 "Туындаған шығын бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: өткен кезеңдердің қызметтеріне қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағыны қамтылатын туындаған сақтандыру шығыны бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерді есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелер көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерді есептен шығару/азайту көрсетіледі.

4040 22 "Туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету" (пассив).

Мақсаты: туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетудің азаюы және (немесе) есептен шығарылуы көрсетіледі.

4040 23 "Ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын өтеудің қалған бөлігі бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді есептен шығару/азайту көрсетіледі.";

4160 01-шоттың нөмірі, атауы мен сипаттамасы алып тасталсын;

5460-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 5461-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"5461 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қаржылық тәуекел"" (пассив).

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептелген қаржылық тәуекел сомасын, болашақта белгілі бір факторлардың біреуінің немесе бірнешеуінің ықтимал өзгеруін есепке алуы.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қалыптасқан қаржылық тәуекел сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қаржылық тәуекел сомасын есептен шығару жазылады.";

6280 32-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"6280 32 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша қаржылық кіріс" (пассив).";

7310 11 және 7310 12-шоттардың нөмірлері, атаулары мен сипаттамалары алып тасталсын;

7470 37-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7470 38-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"7470 38 "Сақтандыру шарттары бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелердің шығын компоненті түріндегі шығыс";

Мақсаты: сақтандыру шарттары бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелердің шығын компонентін қалыптастыру бойынша шығысты есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру шарттары бойынша ақша ағыны бойынша шығын компоненті бойынша шығыс көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша № 5610 баланстық шотқа жұмсалған шығысты есептен шығару көрсетіледі.";

8780 07-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 8780 08-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"8780 08 "Исламдық сақтандыру бойынша қаржылық кіріс".

Мақсаты: ақшаның уақытша құнының әсерін және қаржылық тәуекелдің әсерін көрсететін кірісті есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ақшаның уақытша құнының әсеріне және қаржылық тәуекелдің әсеріне байланысты кіріс көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша кірісті № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.";

8840 08-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 8840 09-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"8840 09 "Исламдық сақтандыру ұйымдары үшін туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету".

Мақсаты: туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша туындаған шығын бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетудің азаюы және (немесе) есептен шығарылуы көрсетіледі.";

8850 03-шоттың нөмірі, атауы мен сипаттамасы алып тасталсын;

8850 05-шоттың нөмірі, атауы мен сипаттамасы алып тасталсын;

8850 06-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 8850 07, 8850 08, 8850 09, 8850 10 және 8850 11-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"8850 07 "Исламдық сақтандыру ұйымдары үшін қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау".

Мақсаты: қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша болашақ ақша ағынының келтірілген құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша болашақ ақша ағынының келтірілген құны, сондай-ақ оның ұлғаюы көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша болашақ ақша ағынының келтірілген құнының азаюы не есептен шығарылуы көрсетіледі.

8850 08 "Ұсталатын исламдық қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа".

Мақсаты: ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржа көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаның амортизациясы және (немесе) есептен шығарылуы көрсетіледі.

8850 09 "Исламдық сақтандыру ұйымдары үшін қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі".

Мақсаты: қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активін есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активінің азаюы және (немесе) есептен шығарылуы көрсетіледі.

8850 10 "Исламдық сақтандыру ұйымдары үшін туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің күтілетін ақша ағынын ең жақсы бағалау".

Мақсаты: туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша болашақ ақша ағынының келтірілген құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша болашақ ақша ағынының келтірілген құны, сондай-ақ оның ұлғаюы көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша болашақ ақша ағынының келтірілген құнының азаюы не есептен шығарылуы көрсетіледі.

8850 11 "Исламдық сақтандыру ұйымдары үшін туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзету".

Мақсаты: туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзетуді есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзету көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша туындаған сақтандыру шығыны бойынша қайта сақтандыру активінің қаржылық емес тәуекеліне тәуекелдік түзетуді азайту және (немесе) есепке алуды есептен шығару көрсетіледі."

Бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері  
бойынша өзгерістер  
мен толықтырулар енгізілетін  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
кейбір қаулыларының тізбесіне  
қосымша  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2013 жылғы 28 маусымдағы  
№ 149 қаулысымен  
бекітілген

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) 52-3-бабына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының (бұдан әрі – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары) бухгалтерлік есепті жүргізуін нақтылайды.

2. Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, "Сақтандыру қызметі туралы", "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы", "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, өзара сақтандыру қоғамдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары (бұдан әрі – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары) бухгалтерлік есепті жүргізген кезде "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16390 болып тіркелген) сәйкес шоттар қолданылады.

